



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

27 желтоқсан 2025 жыл Сенбі №51 (12 053)

 <https://qarqaralygazeti.kz>

 www.facebook.com/qarqaralygazeti/

 [qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

 karkaraly_too@mail.ru

ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алып қойылатын жер учаскесінің орнына тең құнды жер учаскесін беру туралы Қарқаралы қаласы бойынша

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қарқаралы ауданы әкімдігінің «Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» 2026 жылғы 19 қаңтардағы № 7 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Т. Әубәкіров көшесі, 126а мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі (09-143-003-282) бар, алаңы 2,1000 гектар жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждықтар үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. Аталған жер учаскесі РМК «Қазгидрометке» тиесілі және жайлы мектеп салу

мақсатында алып қойылады.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылғы 19 қаңтар деп белгіленсін.

3. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне осы қаулы жарияланған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жер учаскесінің меншік иесіне мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскесінің бір бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама жолдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында көзделген тәртіппен және осы қаулыдан туындайтын өзге де іс-шараларды орындау тапсырылсын.

4. Жер учаскесінің меншік иесіне жазбаша хабарламаны алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде келісу рәсімдерін жүргізу үшін Қарқаралы ауданы әкімдігіне (мекенжайы: Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі, 23) жүгіну ұсынылсын.

5. «Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне меншік иесіне тең құнды жер учаскесін беру кезінде жерге орналастыру жұмыстарына, сондай-ақ осы қаулыны іске асыруға байланысты өзге де шығыстарды қарастыру тапсырылсын.

6. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

7. Осы «Қарқаралы қаласы бойынша мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскесінің бір бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

С.МУСИН,
Қарқаралы ауданы
әкімінің міндетін атқарушы

ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 84 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі 126а үй мекенжайында орналасқан жер учаскесіне объектіге қызмет көрсету үшін (метеостанция) жеке меншік құқығымен «Қазгидромет» РМК берілген көлемі - 2,1000 га (09-143-003-282) жер учаскесі жайлы мектеп құрылысын салу үшін мемлекет мұқтажына жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын.

2. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы жарияланғанан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне жер учаскесін мемлекеттік мұқтажы үшін алдағы мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама жіберуге және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңында белгіленген

тәртіппен, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де іс әрекеттер жасауға.

3. Келісімдік рәсімдерді жүзеге асыру үшін меншік иесінің өтініш беру орны болып өтініш беру арқылы Қарқаралы қаласы Ә.Бөкейханов көшесі 40 мекенжайында орналасқан «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ анықталсын.

4. «Қарқаралы ауданының қаржы және экономика бөлімі» мемлекеттік мекемесі, меншік иесіне тең жер учаскесін беру кезінде жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу жөніндегі шығындарды, сондай-ақ осы қаулыны іске асыруға байланысты өзге де шығындарды қарастыру.

5. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

С.МУСИН,
Қарқаралы ауданы
әкімінің міндетін атқарушы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
АКИМАТА КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОНА

О предоставление равноценного земельного участка взамен зымаемого земельного участка для государственных нужд по городу Каркаралинска

В соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан, Законом Республики казахстан «О государственном имуществе», постановлением акимата Каркаралинского района от 19 января 2026 года № 7 «О начале принудительного отчуждения земельного участка для государственных нужд», в соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и «О государственном имуществе», акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка площадью 2,1000 га закрепленными за кадастровыми номерами (09-143-003-282) по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, город Каркаралинск ул. Т. Аубакирова 126а, в связи с изъятием для государственных нужд принадлежащий РГП «Казгидромет» для строительства комфортной школы.

2. Датой принудительного от-

чуждения определить 19 января 2026 года.

3. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений Каркаралинского района) в срок не позднее трех календарных дней после опубликования настоящего постановления направить собственнику письменное уведомление о предстоящем принудительном отчуждении части земельного участка для государственных нужд и выполнить иные действия в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также вытекающие из настоящего постановления.

4. Собственнику земельного участка в течение пятнадцати календарных дней с момента получения письменного уведомления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд для проведения согласительных процедур обращаться в акимат Каркаралинского района, по адресу: г. Каркаралинск, улица Т. Аубакирова 23.

5. Государственному учреждению «Отдел экономики и финансов Каркаралинского района» предусмотреть расходы на землеустроительные работы при предоставлении равноценного земельного участка собственнику, а также на иные расходы, связанные с реализацией настоящего постановления.

6. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений Каркаралинского района» обеспечить опубликование настоящего постановления в средствах массовой информации в течение трех рабочих дней с момента его принятия.

7. Контроль за исполнением данного постановления «О начале принудительного отчуждения части земельного участка для государственных нужд по городу Каркаралинска» возложить на курирующего заместителя акима района.

С.МУСИН,
и.о.акима
Каркаралинского района

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
АКИМАТА КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОНА

О начале принудительного отчуждения земельного участка

В соответствии со статьей 84 Земельного Кодекса Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1.Возбудитьпроцедурупринудительного отчуждения, в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд на строительство комфортной школы, в отношении земельного участка: город Каркаралинск ул. Т.Аубакирова дом 126а с площадью-2,1000 га (09-143-003-282) для обслуживания объекта (метеостанция) принадлежащий РГП «Казгидромет» на праве частной собственности.

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений Каркаралинского района» в срок не позднее трех календарных дней после опубликования настоящего постановления направить собственнику письменное уведомление о предстоящем принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд и выполнить иные действия в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также вытекающие из

настоящего постановления.

3. Местом обращения собственника для осуществления согласительных процедур определить государственное учреждение «Отдел земельных отношений Каркаралинского района» находящегося по адресу г. Каркаралинск ул. А.Бокейханова 40, путем подачи заявления.

4. Государственному учреждению «Отдел экономики и финансов Каркаралинского района» предусмотреть расходы на землеустроительные работы при предоставлении равноценного земельного участка собственнику, а также на иные расходы, связанные с реализацией настоящего постановления.

5. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений Каркаралинского района» обеспечить опубликования настоящего постановления в средствах массовой информации в течение трех рабочих дней с момента его принятия.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима района.

С.МУСИН,
и.о.акима
Каркаралинского района

Өмірден кім өткенін білесіз бе?!

Адамның бәрін сүйді Ол бауырым деп!

2026 жылы 6 қаңтарда 92 жасқа қараған шағында ортопед дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор Құсни Әменұлы Елеуов қайтыс болды.

Медициналық білім алып, Гиппократқа ант берген мамандық иелеріне қатысты жағымды сөз қозғала қалса, ақиқатқа сай келсін-келмесін, оларды «ақ желеңді абзал жан», «адам жанының арашашысы» деген теңеулермен әспеттеп жататынымыз бар ғой. Құсни аға шын мәнінде жоғарыда айтылған теңеулерге әбден лайық тұлға болатын. Ол 1934 жылы 16 наурызда бұрынғы Қу (қазіргі Қарқаралы) ауданына қарасты Арқалық ауылдық кеңесінде, ел басына күн туған жылдары «Жақанегіз» колхозын, кейін ферма басқарған шаруа адамы Әмен отағасы мен үй ішінің берекесін кіргізген, шебер қолды Зүпін ананың жарастығынан жарық дүние есігін ашқан екен.

II дүниежүзілік соғыс қызып жатқан кезеңде ауылдағы бастауыш мектеп табалдырығын аттаған кейіпкеріміз 5-8 сыныптарды Қарағандыда, 9-10 сыныптарды аудан орталығында оқиды. 1952 жылы Егіндібұлақ орта мектебін бітірген түлектердің сегізі ашылғанына екі жыл болған Қарағанды медицина институтына түседі. Бірі – Құсни Елеуов. Қалғандары – Ризабек Әбуғалиев, Баянды Әбзалиев, Мұқыш Сәбитов, Тілеубай Жұмаділов, Аман Құсайынов, Әнуарбек Ілдебаев, Смағұл Қайшыбаев тамаша мамандар болып, еліміздің денсаулық сақтау саласы дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Оташы дәрігер мамандығын игеруді мақсат еткен Құсни аға алғаш рет төртінші курста оқып жүргенде, Қарағандыға жер аударылып келген білікті маман Борис Давыдович Свердлов деген дәрігердің басшылығымен ота жасаған екен. 1958 жылы институтты тәмамдап, жолдамамен Қу ауданының «Комсомол» совхозындағы учаскелік емханасында дәрігер болып еңбек жолын бастайды. Бірақ, есіл-дерті оташылық болып, қалаға бүйрегі бұра берген соң бір жылдан соң ауданның денсаулық сақтау бөлімінен рұқсат алып, Қарағандыға келеді.

Құсни Әменұлы облыс орталығындағы №9 қалалық аурухананың жарақат кафедрасына дәрігер-ординатор қызметіне орналасып, аты аңызға айналған дәрігер Хафиз Жаңабайұлы Мақажановпен бірге Қарағанды жарақат және ортопедия орталығының іргетасын қалаушылар



қатарында болды. 1960 жылдан облыстық көпсалалы клиникалық аурухананың жарақат-ортопедия бөлімінде меңгеруші қызметін атқара жүріп жүздеген күрделі оталар жасады. Өнеркәсіпті шаһар болғандықтан Қарағанды шахталарынан жарақат алған кеншілер Құсни Әменұлы басқаратын бөлімге үздіксіз түсіп жатады. Сондай-ақ, жарақат емдеуге маманданған елдегі жалғыз клиникаға іргелес Павлодар, Жезқазған және басқа қалалардан, тіпті өзге елдерден де апатқа ұшыраған, бақытсыз жағдайдағы күрделі науқастар жиі келеді. Кейіпкеріміз «Өмір – өзен» атты өмірбаяндық кітабында («Астана» баспасы, Петропавл: 2010. 114-бет) Украина астанасы Киевтен келген, аяғы туа бітті кеміс, жамбас буыны жоқ 18 жастағы қыз балаға үш рет ота жасап, аяғын 18 сантиметрге ұзартқанын жазады.

Қызмет атқара жүріп, медицинаның жарақат және ортопедия саласы бойынша 1970 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған Қ.Елеуов 1974 жылы өзі түлеп ұшқан Қарағанды мемлекеттік медицина институтына оралып, мұнда ассистент, доцент, профессор лауазымында еңбек етті.

Медицина атасы Гиппократтан «Өзіңді дәрігерлік өнерге баулыған жанды ата-анам деп біл!» деген сөз қалыпты. Құсни Елеуұлы қолына қандауыр ұстатқан институттағы ұстаздарымен қатар еңбек жолындағы А.К.Керопьян, Х.Ж.Мақажанов, М.В.Чудновец тәрізді тәлімгерлерін ата-анасынан кем көрмесе, О.Мәдікенов, М.Сүлейменов сияқты қатарластарын қадірледі. Кейін өзі ұстаз болған кезінде

шәкірттеріне қадірлі болды. Құсни Әменұлы шәкірттеріне теориялық білім берумен шектелмей, практикалық жұмысқа қатыстырып, іс жүзінде мықты маман болып шығуына ықпалын тигізді. Өзі де бірегей оталар жасап, мыңдаған жанды ажал аузынан суырып алды, өмір бойы мүгедек болудан сақтап, жарық дүниенің қуанышын сыйлады.

Соңғы алпыс жылдың мұғдарында Қарағанды медицина университетін тәмамдаған, соның ішінде ортопедия мамандығы бойынша білім алған дәрігерлердің қамқоршы әрі қатал сыншы «әкесі» болды. Қаталдығына қарай емес, тура жолдан таймайтын табандылығына, ақиқатты алдаспандай кесіп айтатын турашылдығына, биік лауазым иелеріне жағынып, жалбақтамайтын принципшілдігіне орай оны шәкірттері «Сталин» деп атайтын. Ол дәрігерлік, оның ішінде оташылық мамандықты таңдағандарға, ең алдымен өзіне қатаң талап қоятын және осы тәртіп жолынан айтқан пікірлері мен жазбалары куә. Адалдық пен ақиқаттан айнымайтын мінезін Құсни аға күнделікті тұрмыста, достарымен, туған-туыстарымен қарым-қатынаста, отбасында да айнымай ұстанды.

1992 жылы «Науқастардың варус әсерінен қисайған жамбас ұршығын отамен түзету және медициналық оңалту» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, профессор атағын иеленген Құсни Елеуов 1993 жылы Х.Ж.Мақажанов атындағы жарақат және ортопедия ауруханасы Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының құрамына берілген соң, осы оқу орнына қарасты ғылыми-оқу өндірістік бірлестіктің жетекшісі қызметін атқарды. Жүзден астам ғылыми мақаланың, монографияның, ортопедиялық клиника саласындағы бірнеше жаңалықтың авторы. Құсни Әменұлының кандидаттық және докторлық диссертациялары жеке басына ғылыми дәреже мен мәртебе әкеліп қана қойған жоқ, адамдардың тағдырына оң ықпал жасады, мақалаларындағы, монографиясындағы шешімді ой-пікірлері, тәжірибелері, патенттелген жаңалықтары қазіргі таңда отандық ортопедия ісінде кеңінен қолданылады. Осының өзі профессор Қ.Елеуовтің тіршіліктегі қызметі одан әрі жалғаса беретініне нақты дәлел.

Адамдардың өмірі мен денсаулығына, көңіл-күйіне жауапкершілікпен қарайтын Құсни ағаның мінезі, болмыс-бітімі адамгершілік пен әділдіктің, салауаттылық пен парасаттылықтың эталоны тәрізді еді. Құсни Әменұлы әріптестеріне қандай қадірлі болса, қызметтен тыс ортада дос-жарандарына сондай сыйлы, отбасына қамқор да құрметті, қазақтың азаматы міне осы деп көрсететіндей тұлға болды. Адамзат баласының пешенесіне жазылған, жер бетіне соғып кететін сапарын абыроймен атқарған марқұмның соңында қалған сүйікті жары Мәриям Кенжебайқызы да медицина маманы – дәрігер-офтальмолог және өз ісінің хас шебері. Әулеттің қара шаңырағына ие болып отырған ұлы Талғат, келіні Қарлығаш, немерелері Әйгерім мен Әлихан Мәриям жеңгеміздің басшылығымен Құсни аға қайтастың кемесіне мінгенше қалтқысыз қызмет көрсетті. Сүттей ұйыған бұл отбасының алдына қойған барлық мақсат-мұраты орындалады, отағасының аруағы ұрпақтарын желеп-жебей береді деген сенімдеміз.

Халқымыз «Орнында бар оңалар» дейді ғой, соңында есімін әйгілейтін ұрпақтары мен туған-туыстары, тіршіліктегі ісін жалғастыратын шәкірттері мен іні әріптестері, отандық медицинадағы ғылыми мұрасы мен ашқан жаңалықтары барда Қарағанды жарақат және ортопедия орталығының негізін қалаушылардың бірі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Құсни Әменұлы Елеуовтің есімі өшпейтініне, ісі жалғаса беретініне күмән жоқ.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЕСКЕ АЛУ

Замандастар халықтық ардагерлер хор ұжымы үшін орны бөлек, жүрегі мейірім мен ізгілікке толы, өнерді өмірінің мәніне айналдырған асыл жан – **Кастира Дәуренбекқызының** арамыздан кеткеніне бір жыл толып отыр. Күндер бірінен соң бірі сырғып өтсе де, оның жарқын бейнесі, нұрлы жүзі, өнерге деген адал сезімі мен адамгершілік болмысы ұжым-дастарының жадында өшпес із қалдырды.



Кастира Дәуренбекқызы «Замандастар» халықтық ардагерлер хор ұжымының рухани тірегі, береке-бірлігінің алтын арқауы еді. Ол өнерді тек сахнадағы әсем әуен ретінде ғана емес, адам жанының терең сырын жеткізетін қасиетті аманат деп түсінді. Әрбір әнге жүрегінің жылуын, өмірлік тәжірибесін, ішкі тазалығын сіңіріп, тыңдаушысына шынайы сезім сыйлай білді. Оның үні – мейірімге толы, ал сахнадағы болмысы – сабыр мен сымбаттың үйлесімі болатын.

Кастира Дәуренбекқызының өнерге деген шексіз сүйіспеншілігі жас пен кәріні бірдей баурап, айналасына үнемі қуат, сенім және үміт дарытатын. Ол сахнаға шыққанда әр ән жаңа тыныс алып, жаңа мәнге ие болатын. Сол себепті де оның орындауындағы шығармалар ұжым репертуарының алтын қорына айналды.

Ұжымдастар үшін Кастира Дәуренбекқызы жай ғана өнер жолындағы әріптес емес, ақылымен жол көрсеткен абзал жан, жанашыр дос, үлкен жүректі анадай тұлға болды. Қандай жағдайда болмасын сабыр сақтап, айналасына жылы сөзін арнаудан танбайтын, әрқайсысының көңіл күйін сезе білетін парасатты адам еді. Қиын сәттерде демеу болып, қуанышты күндерде шынайы шаттығымен бөлісе білетін оның адамдық қасиеттері ерекше құрметке лайық.

Бүгін, міне, арамыздан кеткеніне бір жыл өтсе де, Кастира Дәуренбекқызының жоқтығы әлі күнге дейін сезіледі. Репетиция кезіндегі орны, сахнадағы үні, ұжым ішіндегі мейірімді көзқарасы сағынышпен еске алынады. Дегенмен, ол бізді толықтай тастап кеткен жоқ. Оның артында қалдырған өнегелі жолы, өнерге деген адалдығы мен адамдық биік өлшемі әрдайым бізбен бірге.

Біз Кастира Дәуренбекқызының жарқын естелігін, өнерге сіңірген еңбегін, асыл болмысын зор құрметпен еске аламыз. Оның өмір жолы – кейінгі буынға үлгі, ал адамдық келбеті – мәңгілік тағылым. Артында қалған жақсы аты мен игі істері уақыт өткен сайын қадірі арта түсер рухани мұра болып қала береді.

Жаны жәннатта, нұры пейіште болсын. Естелігі жүректерде мәңгі жасайды.

«Замандастар» халықтық ардагерлер хор ұжымы.

САПАЛЫ ПЛАСТИК ТЕРЕЗЕЛЕР ҚАРАҒАНДЫ БАҒАСЫМЕН!



- Кепілдік
- Сервис
- Жеткізу

Мекен-жайымыз:
Қарағанды қаласы,
Бұқар-Жырау
даңғылы 119,
2 этаж, кабинет 3



БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ
8 747 216 09 09

05 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған азамат Нурашев Муратбек Орынбековичтің атына мұралықтістің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36-шы үй №3-ші кешсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 31-515, 8-7017514937.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарабұлақ ауылына қарасты № 33 орта мектеп ұжымы осы мектептің іс-қағаз жүргізушісі Телегенова Гульмира Зайтиновнаға апасы

Сауле Зәйтінқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Бүркітті ауылына қарасты № 20 орта мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Қауашова Жайнагүл Абдикановнаға бауыры

Аспандияр Кауашовтың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Бүркітті ауылына қарасты № 20 орта мектеп ұжымы зейнеткер ұстаз

Сауле Зайтиновна Слямованың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтамыз.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Егіндібұлақ ауылына қарасты № 5 орта мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Ахметжанова Гульшатқа әкесі

Елеубек Ахметжановтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Егіндібұлақ ауылына қарасты № 5 орта мектеп ұжымы осы мектептің кіші-қамту қызметкері Нұрлыбаева Салтанатқа анасы

Марзия Касимованың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Құттықтаймыз!

Әріптесіміз, Қарқаралы аудандық соты ұжымының сыйлы мүшесі **Ақбаева Гульмира Манатқызының** елу жасқа толған мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – өмірдің кемеліне келіп, атқарған ісіне есеп беріп, алдағы күндерге нық сеніммен қарайтын парасатты кезең. Осы белесті Гульмира Манатқызы абыроймен еңсеріп, адал еңбегімен, білім-білігімен және адамгершілік болмысымен құрметке ие болып отыр.



Гульмира Манатқызы 2007 жылы Қарқаралы аудандық соты кеңсесіне қызметкер болып қабылданып, содан бері сот саласында үздіксіз еңбек етіп келеді. Қазіргі уақытта бас маман – сот отырысының хатшысы лауазымында абыройлы қызмет атқарып, өзіне жүктелген міндеттерді жоғары жауапкершілікпен, кәсіби деңгейде орындап жүр. Оның тиянақтылығы, әділдікке адалдығы, құжатпен жұмыс істеудегі ұқыптылығы ұжым ішінде зор құрметке лайық.

Әріптесіміздің бойынан білімділік пен еңбекқорлықты, адалдық пен сабырлылықты, кішіпейілділік пен ақжарқын мінезді қатар көреміз. Қандай жағдайда болмасын ұжымға сыйластық пен жылылық сыйлап, ортақ іске жанашырлықпен қарайтын Гульмира Манатқызы көпке үлгі боларлық тұлға. Оның адаммен тіл табыса білетін ашық көңілі мен әріптестеріне деген құрметі жұмыс ортамыздағы ынтымақ пен бірліктің нығаюына ықпал етіп келеді.

Мерейлі мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қызмет жолында табыс пен талағай жетістіктер тілейміз. Отбасында береке-бірлік орнап, перзентінің қызығын көріп, жақындарының ортасында аман-есен, шат-шадыман ғұмыр кеше беруіне тілектеспіз. Әрдайым ортамызда жүріп, тәжірибесімен бөлісіп, абыройлы еңбегінің жемісін көре берсін.

Ізгі тілекпен, **Қарқаралы аудандық соты ұжымы.**

Құттықтаймыз!

Құрметті **Блялова Бакытжамал Батталовна!**

Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыс жас – өмірдің ең бір кемеліне келген, ақыл мен парасат, тәжірибе мен тағылым тоғысқан айрықша белесі. Бұл жас – өткенге байыппен қарап, атқарған істерге таразы салатын, сонымен бірге алдағы күндерге сеніммен көз тігетін кезең. Сіздің саналы ғұмырыңыз адал еңбекпен, жауапкершілікпен, адамгершілік қасиеттермен өріліп, айналаңызға әрдайым үлгі болып келеді.

Сіз өз ісіне берік, жаны жайсаң, жүрегі кең жан ретінде көптің құрметіне бөленіп жүрсіз. Қай ортада болсаңыз да, біліміңіз бен білігіңізді, өмірлік тәжірибенізді аямай бөлісіп, жас буынға бағыт-бағдар беріп келесіз. Ізгілік пен мейірімді, сабыр мен парасатты өмірлік ұстаным еткен тұлға ретінде әрдайым сый-құрметке лайықсыз.

Мерейлі мерейтойыңызда Сізге ең алдымен зор денсаулық, отбасылық береке мен бірлік, ұзақ та мағыналы ғұмыр тілеймін. Әр күніңіз шуақты таңмен басталып, шаттық пен қуанышқа толы болсын. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығына кенеліп, олардың жетістіктеріне қуанып, елдің алғысы мен ықыласына бөлене беріңіз.

Сіз тәлім-тәрбие берген шәкірттер мен түлектердің жетістігі – еңбегіңіздің айқын жемісі. Олардың әрқайсысы өмірден өз орнын тауып, биік бөлестерден көріне асқақтай берсін!

Мерейіңіз үстем, абыройыңыз беркін! Өмір жолыңызда тек жақсылық пен жарқын сәттер серік болғай!

Ізгі тілекпен, **Нұрдаулет-Зульфия.**



Нұғыман Әбішев – 120

Қазақ әншілік өнерінің үлкен бір мектебі Шығыс Сарыарқа – Қарқаралы-Қу өңіріне шоғырланғаны белгілі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Кемпірбай, Айтбай, Мәди, Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков, Мұрат Толыбаев, Нұғыман Әбішев, Мағауия Көшкімбаев, Рахия Қойшыбаева, Мәжит Шалқаров тәрізді дүлдүлдерден бастап кейінгі Баймұқаш Қалабаев, Нұрғали Найманбаев, олардың өкшесін басқан Мейірхан Адамбеков, Мақпал Жүнісова, Гүлбаршын Тергеубекова, т.б. біртуар өнерпаздардың есімін тізе беруге біраз уақыт шығын болары даусыз. Бүгін осы топтың жуан ортасындағы тұлға, көмейіне бұлбұл ұялаған әнші, жарық дүние есігін ашқанына биыл 120 жыл толған Нұғыман Әбішевке тоқталмақпыз.

Өлеуметтік желідегі ашық дерек көз-дерінде берілген сараң мағлұматқа жү-гінсек, білетініміз: «ӘБІШЕВ Нұғыман 1906 жылы 15 қаңтарда Қарқаралы уе-зінің Қу болысында дүниеге келіп,1988 жылы 4 ақпанда Алматы қаласында қай-тыс болыпты. Әнші, Қазақстанның ха-лық артисі. Бала кезінен домбыра тар-тып, әнші бала атанады. 14 жасында көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқан. Әншілік өнерді Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов сынды аға әншілерден, замандасы Ж.Елебековтен үйренеді. 1934 жылы Бү-кілқазақстандық слетке қатысып, көзге түседі. 1935 – 1960 жылдары Қазақ фи-лармониясында, 1960 – 1970 жылдары «Қазақконцерт» өнер бірлестігінде әнші болды. Әбішев Сарыарқа сал-серілерінің әншілік дәстүрін кейінгі ұрпаққа ұлттық колоритін жоғалтпай жеткізген тамаша орындаушылар қатарына жатады. Ол қазақтың халық әндерін және Біржан сал, Ақан сері, Абай, т.б. композиторлардың шығармаларын насихаттауға зор үлес қосты. Оның репертуарында кеңес дә-уіріндегі композиторлардың әндері де молынан қамтылған еді. Әбішев біршама мемлекеттік марапаттарға, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденіне ие болды. Әбішевтің өмірі мен өнер жолы академик А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1969) кітабында жан-жақты баяндалған».

Бұрын-соңды жарық көрген басылым беттеріндегі жазбаларға, әншінің дауы-сын естіген, араласқан адамдардың әң-гімелерінде Нұғыман Әбішев үлкен талант иесі болғаны айтылады. Бірақ, соңғы жылдары телеарналарда, радиода ол орындаған әндер берілмейді, қандай да бір еске алу іс-шаралары өткенін ести қоймадық. Соған қарағанда, алты алашқа аты мәлім Н.Әбішев шырқаған әндер Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталмаған ба деген күдік бар.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, әнші Қарқаралыға қарасты Қу өңірінің пер-зенті. Солай болғандықтан Нұғыман ата-мызбен туыстық байланысы бар адам-дарға хабарласып, қолдарында сақ-талған деректер, жәдігер сұрастырдық. Егіндібұлақта тұратын немере қарындасы Сандұғаш Әбішеваның үйінен әнші атаның отбасымен түскен суреті мен концерттік бағдарламасының афишасы табылды. Бұрыны Егіндібұлақ ауданында 1960-1990 жылдары жауапты қызметтер атқарған азамат, қазір Астанада тұратын Сұлтан Мәтелинде әнші 1968 жылы Қазақстанның халық әртісі атағын алғанда жеке түскен

Әнші еді алты алашқа аты мәлім

суреті бар екен. Нұғыман атаның өмірі мен шығармашылығына қатысты біраз деректі осы Сұлтан ағамыз берді.
1924 жылы Шығыс Сарыарқада Қар-қаралы сыртқы округі құрылғаннан кейін бұл аймақ халқы (негізінен қаракесектер) ру ішіндегі аталық тармақтар бойынша болыстарға бөлініп, әкімшілік бөліністің тұрғындарын құрағаны белгілі. XIX ға-сырдың ортасында Көшім – Байбөрі бо-лысын Есебай – Бәрмен есімді ағайынды адамдар басқарған екен. Әрине, тіз-гіні жат жұрттың қолында болған елде материалдық байлыққа ие және айна-ласына ықпалы жүретін жандар ғана билікке келеді. Әңгімемізге арқау бол-ған Нұғыман Әбішев пен Егіндібұлақ өңіріндегі туыстары сол Есебайдың інісі Бәрменнің ұрпақтары көрінеді. Еуразияны қанға бөктірген төңкерістер нәтижесінде отаршыл Ресей патшалығының орнына қан шенгелдеп келген қызыл империяның озбырлығы аталарынан да асып түсті. Коммунистік-фашистік идеологиямен қаруланған қызыл империяның адамға, оның ішінде Ресей жаулап алған саны аз ұлттарға деген өшпенділігі санаға сыймайтын деңгейге жетті. Жалған ұрандар мен өтірік уәделердің арқасында билікке ие болғаннан кейін коммунистер дербес ой-пікірі бар тұлғаларды ғана саяси қуғын-сүргінге салумен шектелмей, байлар мен әлді шаруалардың, олардың әулеттерінің мал-мүлкін тәркілеп, өздерін туған жерінен, елінен аластады. Бірнеше ұрпақ бойы мәйегі үзілмеген Есебай – Бәрменнің немере-шеберелері де осындай нәубетке ұшырайды.

– Әбіштен үш ұл – Мұхамеджан, Мә-телі, Нұғыман тарайды. Бабамыздың кішісі болғандықтан біз әнші атаны «Кенжеата» дейтінбіз. Жақсылар бір-бірімен құда болуға тырысады ғой. Едірейде болыс болған Айғожаның Жаныс деген баласы жездеміз. Бір апамызды Ақайдың Қә-сенінің Сейіт деген ұлы алған. 1928 жылы астық салығы басталған сәтте Ақайдың Қасенінің ақылмен Мәтелі өрен-жаранымен бірі Ресейге ауа көшіп, Барнауылға барып табан тірейді. Аштық нәубеті өткен соң ғана Қазақстанға, Семей облысының Жарма ауданына келеді. Мен

есімді білгелі сонда тұрдық, Егіндібұлаққа 1958 жылы көштік. Тәттімбеттің немересі, Мұсатайдың Шайқысы Аяғәзді қоныс етіпті. Жерлестік және туыстық байланысы болғандықтан, ата-анамыз ол әулетпен ұдайы қарым-қатынас жасап тұрды. Тақырыпқа оралсақ, Нұғыман атам жайдары, қонақжай, өте мейірімді адам еді. Дауысы – лирикалық тенор. Ол кісі лирикалық әндерді орындайтын. «Қа-напия» деген әнді Өміреден үйреніпті. Жүсекеңнің өзі: – Ақанның «Майда қо-ңырын» Нұғыманнан артық айтатын ән-ші жоқ. Бұл – Нұғыманның әні, – деп отыратын. Кенжеатам Қазақ радиосының музыкалық редакциясын басқарған Мақсұтбек Майшөкпи, радиода басшылық қызмет еткен Хамит Хасеновпен, күйші Әбікен Хасеновпен, композитор Садық Көрімбаевпен жақсы араласты. Алматыға оқуға, қыдырып барған Қудың адамдары Кенжеатамның үйіне түсетін. Шайқы ақсақал да сол шаңыраққа ат басын тірейтін. Қарияны сол үйде бірнеше рет көрдім. – дейді Сұлтан Мәтелин ағамыз.

1934 жылы өткен Бүкілқазақстандық өнер байқауында Сәкеннің «Тау ішінде» әнін орындаған Н.Әбішев қара үзіп бөйге алады. Байқаудың төрағасы Сөкен Сейфуллин қатты ұнатып, әнді екі рет шырқатады. Сөз реті келгенде айту керек, олар жақсы достық, шығармашылық байланыста болған екен. Соның бір айғағы – Нұғыман тұңғыш ұлынан кейін туған қызына Сәкеннің жары Гүлбаһрамның есімін беріпті. Қазақ мәдениетінде дербес орны бар тау тұлғалармен қатар жүріп, ұлттық өнердің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан Н.Әбішев қазақ халық аспаптар оркестрі (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі) құрылған кезде осы ұжыммен алғаш рет ән шырқаған әртіс. Қазақ филармониясы ұйымдасқан сәттен бастап оның құрамына алынған Нұғыман гастрольдік сапармен қазақ елінің барлық өңірін аралады. Тіпті, Жамал Омарова, Фатима Балғаева, тағы басқа да өнер тарландарымен бірге Монголия елінде болып, Ю.Цеденбалдың қолынан сый-сияпат иеленіпті.

Ерекше дарыны болғанына қара-

мастан, коммунистік идеологиямен ой-санасы уланған тоталитарлық жүйе көп-теген хас таланттарды түп-тамырымен жойып жібергені аян. Бай баласы Нұғыман зұлымдық империясының ажал машинасынан аман қалғанымен, кей жерде адымы тұсалып, өнеріне тиесілі атақ, марапаттан қағылған сәттері бар. Мысалы, Қазақстан мәдениетінің 1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндігіне жол-дама алып, пойызға отырған жерінен НКВД қызметкерлері қолына кісен салып, ұстап әкетеді. Ішкі істер бөлімшесіне апы-рып, бірер сағат тергегеннен кейін жа-зықсыз адамды босатып жібереді, әрине. Бірақ, Алматыдан сыртқа шығуына тиым салынады.

Орда бұзар отыз жасында Одақ сахнасына шығу жолы кесілген Нұғыман НКВД кеңсесінен шығып, үйіне чemoдaлaн қалдырады да бірден мұңдасатын аға досы Әбікенге тартады. Бұл кіріп келген бетте аң-таң болған күйші: «Сенің мына жүрісің не? Мәскеуге кетпеп пе едің?» – дейді. Нұғыман сол жерде жылап жіберіпті. «Қой! Жасыңды тый! Мен сені көшімнің бір жақсысы ма деп жүрсем, жаманы екенсің ғой. Сенің қадамыңа тұсау болған әкеңнің қара қоңы ғой, сары көшім. Жарайды, қапа болма! Мына жұрт жаяу жүргенде сен атақ мініп жүргенсің. Дүние – кезек. Өлі мұның бәрі ұмытылып, сенің де күнің туатын уақыт болады», – деп, бір жағынан жұбатып, екінші жағынан қайрап, Тәттімбеттің «Сарыжайлауынан» бастап бірнеше күйін тартып береді. Інісінің көңілін біржолата жұбатпақ болып, «Енді Ақан серінің «Майда қоңырын» шырқап жібер!» – дейді домбырасын ұсынып.

Қырық жылға жуық Қазақ филар-мониясы мен «Қазақконцерт» өнер бір-лестігінде әншілік қызмет атқарып, республиканың түкпір-түкпірін аралап өнер көрсеткеніне қарамастан, бабасы болыс, әкесі бай болғандықтан, жасы егде тартқанша Нұғыманның әндері ра-диодан берілгенімен, өзі өнер шебері ретінде көрсетіліп насихатталмады, атақ-дәрежеге, мемлекеттік марапаттарға ұсы-нылғандар тізімінен есім-сойы сызылып тасталады. Жасы алпыстан асқанда ғана Қазақ КСР-і халық әртісі атағын иеленіп, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған екен. С.Мәтелин ағамыздың айтуынша, бұған сол кезде республика мәдениет министрінің орынбасары қызметін ат-қарған Өзбекәлі Жәнібеков ықпал етіпті.

Сұлтан ағамыздың Нұғыман атасына берген мінездемесін әр жылдары білім соңына түсіп Алматыға барған Егіндібұлақ өңірінің Біраз азаматтары түгелдей мақұлдайды.

– Алматының полиграфиялық баспа техникумында оқыған кезімде екі жыл Нұғыман ағамыздың үйінде жаттым. Ке-шегі байдың баласы дейтін емес, өзі де, бәйбішесі де өте қарапайым адамдар. Қосман деген үлкен ұлы, одан соң Гүл-баһар атты қызы, Қадыр есімді кіші ұлы бар еді. Қадырды өзіммен бірге Егінді-бұлаққа, Мәтелиндердің үйіне алып кел-генім есімде, – дейді қазір Қарағанды қаласында тұратын зейнеткер қария Сиязбек Рахымов.

– Нұғыман Әбішев Егіндібұлақ өңірінен шыққан, заманында елді аузына қаратқан дүлдүл әншілердің бірі еді. 1966 жылы, мектеп бітіргеннен кейін оқу іздеп Алматыға бардық. Сұлтекеңнің Сырым деген інісімен бірге оқығанбыз, дос едік. Бізден бірер жас

Қарқаралы

27 желтоқсан, 2025 жыл

27 желтоқсан, 2025 жыл

27 желтоқсан, 2025 жыл

27 желтоқсан, 2025 жыл

27 желтоқсан, 2025 жыл

үлкендігі бар Сұлтекең Сырым екеуімізді Нұғыман ағаның үйіне алып барды. Мәкеш деген шешеміз бар екен. Бастал аулындағы Серікхан, Берікхан, Керімхан деген жігіттердің апасы көрінеді. Ішінде бүкпесі жоқ, мінезі ашық, ақжарқын кісі. Нықанды алғаш рет көруім, кейбір өнер адамдарына тән желікпесі байқалмайтын, жұқалау келген, шапатылы, көкшіл көзді, түсі ақсары, орнықты жан екен. Шашы ағарған, бірақ жинақы, тиянақты, жүріп-тұруы жеңіл, қағылез. Туған жерді, ағайын-туысты көрейін, концерт берейін деп ел жаққа да келе бермейтін сияқты. Барғанымызда Нықаң: «Мәкеш, ұлдар келді, дастарқан жай», – дейді. Зайыбы бізді бала демейді, барын үстелге қояды. Біз шай-пайын шеміз. Нықанның қолында қолдан жасаған қалақша домбыра, үстелді айнала тыңқылдата жүріп бау ғана өн салады. Дауысы майда, жағымды. Үстінде үйде киетін пижамасы, аяғында шәркейі болады. Арасында «ел жақта не әңгіме бар, кімдер бар?» деп Қу өңірінің жаңалықтарын сұрайды. Біз жаспыз, жарытып айта қоатын сөзіміз жоқ. Ауылға келгенде ата-анамыздың жанынан шықпаймыз. Ол кісі сұраған көшім атаның адамдарын білмейміз. Бір байқағаным, ел ішінде данқы зор өнер тарланы болғанына қарамастан, кісімінуді жоқ, атақ алуға ұмтылмайтын, сый-құрмет іздеп анда-мұнда бара бермейтін өте қарапайым адам еді.

Күзде Алматыға барғанда үлкен шешеміздің, нағашы шешеміздің қысқы соғымнан қалған, ұн арасына тығып сақтаған, «Нықаңа апарып бер» деген сөлем-сауқатын ала барамыз. Қарияның Қосман деген үлкен баласы, ол кісінің үйінде Нюра (шын аты Нүрия екен. Е.Б.) деген тәтеміз болды. Анда-санда ол үйге де соғып тұрамыз. Ашық-жарқын адамдар барын алдымызға жайып қарсы алады. Ол кісілердің қыздары туған қарындасымыздай еркелейтін. Кейін, оқу бітірген соң елге қайттық. Қызметке араласқан соң Алматыға бара бермейсің, арамыз суып кетті, – деп еске алады Егіндібұлақ пен Қарқаралыда басшылық қызметтер атқарған Мұрат Нұрақышев ағамыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ музыка өнерінің тарихында дара орны бар тамаша әнші, Қазақстанның халық әртісі Нұғыман Әбішевтің туғанына 120 жыл толып отыр. сондықтан, осы күнге дейін кіндік қаны тамған өңірде еске алу шарасы өтпеген тұлғаның есімін жаңғыртуды Қарағанды облысының мәдениет басқармасы және Қарқаралы ауданының мәдениет бөлімі биыл атқарылатын жұмыс бағдарламаларына жеке тақырып етіп енгізсе деген назымыз бар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі
СУРЕТТЕРДЕ: Нұғыман Әбішевтің «Қазақ КСР-інің халық әртісі» атағын алған кездегі суреті; Әбішевтер отбасы (артқы қатарда тұрғандар, солдан оңға қарай: қызы Гүлбаһрам, Қосманның қызы Ғалия, үлкен ұлы Қосман, есімі белгісіз туысы, туысы Хамзе Мәтелин, Қосманның қызы Зура, зайыбы Мәкеш, Қосманның кіші қызы Ғайһар, Нұғыман атаның өзі, алдында отырған жиені – Гүлбаһрамның қызы Динара, кіші ұлы Қадыр, Қосманның әйелі Нүрия); әнші Нұғыман Әбішев қатысқан концерттің афишасы.

Хабарландыру

Қоғамдық тыңдау

«Алтай Полиметаллы» ЖШС Қарағанды об-лысындағы «Көктасжал» мыс-порфирлі кен ор-нының тау-кен жұмыстарының 2025-2035 жылдарға арналған жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.
Учаскенің географиялық координаталары және әсер ету аумағының географиялық координаталары 50°06'02,86"СЕ, 76°09'21.07"ШБ.

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны: 24.02.2026 ж. сағат 15: 00-де (жергілікті уақыт бойынша): Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты ауылдық округі, Те-ректі ауылы, Абай көшесі, 12 (әкімдік ғимараты), сондай-ақ бейнеконференция арқылы (Zoom Video Communications көмегімен, конференция идентификаторы ID 933 171 2585, Қатынас коды: 3fQq2c.).

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖТ ҰДБ орналастырылған https://hearings.ndbecology.gov.kz

және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Мүдделі жұртшылықтың ескертүлері мен ұсы-ныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Лободы көшесі, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru, «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және та-биғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: ЖШС FӨK «АлGeoРитм» - info@algeoritm.kz, тел.: + 7 (7212) 25 23 45

Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «Ал-тай Полиметаллы» ЖШС, БСН 050740000965, Қарсапорының заңды мекенжайы: Қазақстан Рес-публикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауд-аны, ағаштар ауылы, Қазыбек би көшесі, Т.ғ.д. 13-2. E-mail: yerbol.sheryazov@altaypm.kz тел.: +77785726550

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арко» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Ғ.С.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Ғ Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 51

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор **Құрманғазы ӨТЕБАЙ**

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бекейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс)

Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23

Бухгалтерия – 31-4-56

E-mail: karkaraly_too@mail.ru

Біздің есепшотымыз:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,

ИИК KZ326010191000161842,

БИК HSBKZZKX БИН 990940002210